

Ө. ОРАЛБАЕВ

## ҰЛТТЫҚ ПОЭЗИЯМЫЗДЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ҮРДІСТЕРІ

Ұлттық поэзиямыздың тақырыптық-танымдық, көркемдік-шеберлік әлемі туралы толғанда біз қазақ жырының ежелгі, дәстүрлі дамуына назар аударамыз. Өйткені қазақ өлеңінің өмірбаяны өте бай және күрделі. Күрделі болатыны ол сан алуан тарихи кезеңдер мен килықилы уақытты бастан кешті. Өзі бастан кешкен болмыс пен бітімді жырға түсірді. Халықтың мұң-қайғысы мен қуаныш-бақыты біздің поэзиямыздан қай кезде де жан-жақты көрінетіні де осыдан. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ жыры аса маңызды да мағыналы ғұмыр кешкен абыз-заманның өзіне ұқсайды.

Қазақ жырының өткені мен бүгінін салғастыра қарағанда, қазақ поэзиясының тарихы тереңге, бастауы бағзы замандардағы жыраулық дәстүрге барып тіреледі. Сол бағзы дәстүрлер өзінің ажары мен бояуын әр замандарда әр реңге өзгертіп отырғанмен, жалпы ағысы мен тынысы негізгі ата дәстүрден алшақтап кетпейді. Ұйқас пен ырғақ, ой мен көркемдік кесте, айтар идея мен ұсынар шешім адамды адамгершілікке, тазалыққа, адалдыққа, имандылыққа, достық пен бейбітшілікке, отансүйгіштік пен патриоттыққа тәрбиелейді.

Қазақ поэзиясының көрнекті өкілдерінің қай-қайсысы да осы мектептен өсіп шықты. Осы мектептің тарихи сабағын алды, үйренді, үлгі тұтты. Тек қана үйреніп, үлгі алып қойған жоқ, бұрынғы бар мектептің үрдісін одан әрі тақырыптық-мазмұндық, көркемдік-идеялық жағынан барынша кемелдендірді. Халқымыздың көрнекті ақындары Сағи Жиенбаев Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әли, Жүмекен Нәжімеденов, Төлеген Айбергенов, Мұқағали Мақатаев, Фариза Оңғарсынова, Шәміл Мұқамеджанов, Марфуға Айтқожа, Бекен Әбдіразақов, Мұхтар Шахановтың, оларға ілесе, соғыстан соң туғандар деген атпен әдебиет тарихына енген келесі толқын Жарасқан Әбдірашев, Кеңшілік Мырзабеков, Темірхан Медетбеков, Иранбек Оразбаев, Серік Тұрғынбеков, Тынышбай Рахимов, Исраил Сапарбаев, Күләш Ахметова, Жұматай Жақыпбаевтың жырлары ұлттық поэзиямыздың ұлағатты мектебін одан әрі биік сатыға көтере түсті.

Солардың ішінде ақындар Марфуға Айтқожа, Нұрлан Оразалин, Темірхан Медетбек, Күләш

Ахметова, Жәркен Бөдеш, Ибрагим Исаевтың, дүниеден өтіп кеткен талантты ақындарымыз Кеңшілік Мырзабеков, Жарасқан Әбдірашев, Тынышбай Рахимов, Жұматай Жақыпбаев, Нұрлан Мәукенұлының өлеңдеріндегі замана тынысын, дәуір болмысын, уақыт шындығын жырлаудағы сәтті де шығармашылық табыстарын айтуды парыз деп санаймыз.

Аталған ақындар жырларының тақырыбы әр алуан: туған жерге, өскен елге деген құрмет пен шынайы сүйіспеншілік, табиғат пен адам арасындағы мәңгілік тұтастық пен бірлік, сүйген жар мен жастықтың жаршысы махаббат пен мархабатқа деген нәзік сезім, заман мен уақыт алдындағы азаматтық жауапкершілік, мәңгі қозғалыстағы, әрі мәңгілік күрестегі өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, ізгілік пен зұлымдық, игілік пен қатыгездік, адамдар арасындағы пендешілік пен періштелік, күндестік пен құштарлық, қызғаныш пен қуаттаушылық, жақсы көру мен жек көру, отбасының амандығы мен Отанның мәртебесі, уайым мен үміт, арман мен мұрат, достық пен қастық, көз жасы мен көңіл күлкісі, қысқасы адамға тән қасиет пен мінездің бәрі-бәрі осынау ақындардың жырларында әртүрлі мазмұнда, әртүрлі пішін мен түрде, әртүрлі әуен мен сазда дүниеге келген. Қазақ жырының көркемдік әлемі біртұтас. Оның конституциясы мықты тұғырда тұр.

Қазақ поэзиясы әдебиеттің басқа түрлері мен жанрларына қарағанда әрқашан шығармашылық биіктен көрінді. Жауынгерлік рөл атқарды. Өзінің ұлттық қайнарларынан ажырамай, қайта заман болмысына сай күрделеніп, жоталанып, ширғаға түсті. Өмірден оқыған ақындардың жаңа қатары енді әлемдік өркениеттің сабағын жақсы пайымдаған, білімді, білікті, оқыған ақындармен толысты. Ақындарымыз енді ауыл-үйдің шеңберінен шығып, жалпыұлттық, жалпыадамзаттық тақырыптарды игере бастады. Және оларды абстракциялық немесе модерндік пайымда емес, ұлттық, мемлекеттік пайымда игерудің қыр-сырын қапысыз меңгере алды. Отанды жақсы көру бір басқа да, соны шынайы поэзия тілінде жеткізу екі басқа. Біріншісінде адами махаббат жатса, екіншісінде азаматтық кредо жатады. Осы екеуін тең шендестірген талант қана бүгінгі күннің ақыны бола алады.

«Біткен іске сыншы» көп деген сөз бар. Қоғамда, елде, мемлекетте болып жатқан жайсаң жаңалықтар мен жарқын өзгерістерді көріп, сезініп, қуана білу де – үлкен азаматтықтың белгісі. Әрқашан әділетсіздікке оппозиция болу жақсы қасиет, дегенмен бұл қалыптасқан қасиетке айналып кетсе, қалып бұзар қасыретке де апарды. Жоғарыда аттары аталған ақындар бұл тұрғыда жоғары елшіл, халықшыл позиция ұстанғанмен, бақырып, байбалам салмай-ақ ұлт назарға алар, жұрт кеңеске салар жағдайды ажарлы да базарлы тілмен орынды жеткізе біледі.

Қазіргі қазақ поэзиясының көрнекті өкілдері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары Марфуға Айтқожа, Нұрлан Оразалин, Темірхан Медетбек, Күләш Ахметованың жыр жинақтарын саралау барысында оларға тән ортақ желі, азаматтық позицияны алға шығарып карағанда, ақындық қуаттың осы жақсы үрдіске лайықты қол артқаны айқын аңғарылады. Біздің поэзияның заман талабына сай өсіп, өркендеп, жетіліп келе жатқаны көзге анық байқалады. Демек ұлттық поэзиямыздың ұлағатты жолы өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрін берік ұстанып келеді екен.

Марфуға Айтқожа өзінің «Республика аланы» атты өлеңінде кеше мен бүгіннің арасын жырмен былай жалғайды:

Түнек басып даланы,  
Демін ішке алады.  
Жандар жатыр жаралы,  
Ақ қарға қан тамады,  
Тәуелсіздік аланы...  
Сілкіндірген ғасырды,  
Көрдің бе жарқыл-жасынды?  
Елің еркін,  
Тәуелсіз,  
Көтер, бауырым,  
Басынды!

Рухты, өршіл өлең. Оқырманға күш-қайрат береді. Өкініп басталса да, қуантып аяқталады. Сәулелі өлең.

Ал бастан өткен күрес пен алдағы күндердің еншісін Нұрлан Оразалин былайша береді:

Талайлар қамығып іздеген,  
Бұл шындық күрес пе?  
Елес пе?  
Шыры бітпейді бізбенен,  
Сеземін, тіршілік – егесте.  
...Бұл шындық... күрес пе?  
Елес пе?  
Ғасырлар, дәуірлер іздеген.  
Сеземін, мәңгілік егесте,  
Сапары бітпейді бізбенен.

Жыр сапары бітпейді. Ол адамзат сапарының хронологиясы. Тірлік күреспен жалғасады, ақын жырмен жалғасады. Екеуінің арасындағы көркемдік қатынас пен көркемдік әлем осылайша тұтастанады. Сол тұтастықты жаны нәзік, рентген болмысты ақын ғана жаңылмай көре алады:

Өлі бодан кезімде,  
Менің жеріме,  
Ғылыми-техникалық революция  
Басып кірді.  
Жасылымды айтақыр етіп,  
Құмымды күлдей бұрқыратып,  
Шашып кірді!-

деп өкіне жыр жазса Темірхан Медетбек, Күләш Ахметова бүгінгі күннің шуағын былайша жайнатып ашады:

Дүниеде мұң ғана, мұннан да ауыр,  
Мұңайғанда жол таппай тұрған бауыр.  
Кегі кеткен далама  
Келдің бе есен,  
Тарихи әділетті туған дәуір!

Қарап отырсақ, қазақ ақындарының осынау жырлары бір-бірімен іштей рухтас, бір-бірін толықтырып, бір-бірін құптап тұр. Ішкі сезім мен жан дүниені баураған көңіл толқыны сабақтасып жатыр. «Сөзді ұғатын заман келді» деп толғанған белгілі әдебиеттанушы ғалымның пікірі де осы ойды қуаттайды.

Қорыта айтқанда, қазақ жыры қашанда ашық позициясын адалдыққа суарған поэзия. Сондықтан да ол ғасыр келбетін, жаңа заман тынысын, дәуір дидарын санаға сәулелендірудің шуақты да қуатты қаруы болып келеді. Демек, қазақ поэзиясындағы жаңаша ойлаудың үрдісі, жаңаша пайымның символы бүгінгі қазақ ақындарының басты назар аударатын мәселесі болып қала беруі шарт.

## ӘДЕБИЕТ

1. Қабдолов З. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы. 1 том. 1983. 456-б.
2. Айтқожа М. Алатаудың ақбатасы. Алматы: Мұрагер, 2005, 222-б.
3. Оразалин Н. Қоздағы шоқ. Алматы: Атамұра, 2008. 303-б
4. Ахметова К. Құт. Алматы: Дәуір, 2005. 143-б.
5. Жиырмасыншы ғасыр жырлайды. 2 томдық поэзия антологиясы. Алматы: Раритет, 2007. 2-т. 520-б.
6. Есім F. Жаңаша ойлаудың символы // Ақиқат. 2008. № 10.
7. Жолдасбеков М. Сөзді ұғатын кез келді. Астана: Күлтегін, 2007. 352-б.

**Резюме**

В данной статье анализируется и научно-исследовательскими методами рассматривается истина времени, духовно-творческая связь и взаимодействие между временем и писателем в произведениях известных поэтов страны, обладателей государственной премии Республики Казахстан Нурлана Оразалина, Марфуги Айткожы, Темирхана Медетбека, Куляша Ахметовой, переданные ими в творческой форме – на языке поэзии, описание реалий современности и общества, своеобразность и пути тематического, художественного, идейного, содержательного поиска, достижения и успехи в многолетнем творчестве на основе стихов и поэм.

**Summary**

The article elaborates on thematic and creative peculiarities, as well as artistic mastership of Marfuga Aitchoja, Nurlan Orazalin, Temircan Medetbek, Kylash Ahmetova. A gifted lyric poets, laureate of Kazakhstan's State Award, he rose to prominence in the late 1960s and early 1970s. The present study analyses the style and individual hand, the role and place of in Kazakh poets, tools and forms that enriched his poetry, his methods and approaches in exploring themes of truth in modern life, society, and age. The article proves all these theses through investigation of his poems.